

**Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы КИРИЛЛДЫҢ
архипастырларға, пастырларға, монах қызметіндегілерге және Орыс
православие Қауымының барлық адал ұл-қыздарына Рождестволық
жолдауы**

**Құдай үшін сүйікті архипастырлар, адал пресвитерлер мен
диакондар, Құдайды сүйген иноктар мен инокинялар, қымбатты аға-
інілер мен әпке-қарындастар!**

Барлықтарыңды шын жүректен біздің Құдай Иеміз Иисус Христостың және Құтқарушымыздың жарқын Рождество мерекесімен құттықтаймын.

Екі мың жыл бұрын болған Құдайдың денеленгенінің ғажайыбы, бүгінгі күні де біздің жүрегімізді зор қуанышқа толтырады. *Енді Құдай жерге келді – және адам аспанға шықты* (мереке кешкілігінің стихирасынан алынған). Жаратушы және Қамқоршы дүниеге келді, өйткені Өзінің мейірімділігіне бола әзәзілден қиянат шеккен адамдарға (Крещение құпиясының қызметінен алынған) тектен тек қарай алмады; *Құдай Ие Өзінің адасқан жаратқанын іздеп келді* (киелі монах Роман Сладкопевецтің жоғалған драхма жайында нақыл әңгімесінен).

Құдай Сөзінің жаршыларының таңғаларлық пайғамбарлық сөздері орындалды, және мың жылдар бойы құтқарулықты және босатылулықты күтіп, күнәнің ауыртпалығынан әлсіреп, қарғыстан тек бұл өмірде ғана емес, қайтыс болғаннан кейін де қасірет шеккен адам баласына аспанның есігі ашылды. *Әрқашанда Гүлденген Қыздан* біздің Құдайымыз Иисус Христос *дене алып* (Ең Киелі Құдай Ұлын Туған Қыздың Рождество мерекесінің каноны) – және пейішті күзеткен херувим, *өмір ағашынан алшақтады* (мерекенің кешкілігінің стихирасынан алынған). Дүниенің құтқарылуына Құдайлы Нәресте дүниеге келді, заңға бағынғандарды босату үшін, заңға бағынды, *біздің Құдайдың ұлдары болуларымыз үшін* (Гал. 4, 4-5).

Құдай Иенің кішіпейлдігі түсініктен тыс: Құдіретті Құдай бола тұра, Ол адамдарға әлсіз нәресте болып келді, Құдай бола тұра, шіритін дене қабылдап, өмірдің қиындығын басынан кешеді, Өлімсіз бола тұра, Өз еркімен азапты, масқаралы өлімге барды. Мұны тек Өзінің таңдаулы пайғамбарлары, тақуалары әлде Өзінің таңдағандары үшін ғана барған жоқ. Христос біздің әр қайсымыз үшін келді, Ол барлығының – күнәһарлар мен қылмыскерлердің, немқұрайлар мен бойкүйездердің, қорқақтар мен ашушандардың, әуел тіпті Өзін өлтіргендердің де құтқарылуын қалайды!

Құдай Ие ешкімнен бас тартпайды, ешкімнен жиренбейді, керісінше біздің адамдық тәнімізді қабылдады, оны Өзінің денеленуімен жаңаландырды,

кресті азап шегуімен және өмірлік өлімнен Тірілуімен, оны Киелі Үшімге көтерді, Құдайдың тағының оң жағында болуымен киеледі. Бәріміз үшін төгілген осы Христостың Өмірберуші Денесін және Оның Ең Таза Қанын, біз Евхаристия Құпиясында қабылдап – тек Құтқарушымен ғана емес, сонымен қатар бір-бірімізбен де бір денелі және бір қанды боламыз.

Бірақ, өкінішке орай, былықпаушылықтың толқындары Шіркеудің кемесін шайқайтынын көреміз, теңіздің дауылындай ұрыс-керіс, үйлеспеушілік православие сенушілерінің бірлігін тербейді, еліктіргіш душпанның сөзіне сеніп, адамдар тірі судың Қайнар Көзінен бас тартып, лай және ішуге болмайтын діннен азған бұлақтың суын ішеді. (І Дүниежүзілік жиналыстың киелі әкелерінің канонынан алынған). Осындай қиын кезде Құдай Иенің біз үшін дүниеге келіп, крестке қадалып, өлімнен тірілгендігін, Ол жер бетінде Бір, Киелі, Жинақты және Апостолдық Қауым құрғаны жайында есімізде сақтауымыз керек. Қауымның ұл-қыздары бола тұра, былықпаушылықтарды, текетірестерді және қақтығыстарды жеңе біліп, дін бұзушылықты түзетуге, соғысты бастан кешкендерге, қияпаттан және әділетсіздіктерден қиянат шеккендерге қол ұшымызды беруге дайын болуымыз керек.

Құдай Ие патша сарайында емес, күйкі үңгірде, кедейлікте дүниеге келді. Былай қарасақ мал тұратын ақырдан жұпыны не бар? Бірақ ондай жер бар – бұл күнәмен күйіп кеткен, Құдайдан алшақтап, әр түрлі күнәләрға жылысуықтанып, ойрандалып, құлдыққа түсіп, әуестеніп кеткен адамның жүрегі. Бірақ біз өзіміздің жанымызды Құдайдың сыйымды ыдысы ете аламыз. Құдай Иенің есіктің жанында екенін есімізге түсіріп, Ол біздің Оны сенімнің көзімен қарағанымызды кішіпейілдігімен күтеді, Оны өз өмірімізге жіберейік, Оның сөзін естиік, Оның махаббатына жауап берейік – және Оған біздің өмірімізге Өзі әрекет істеуіне келісім берейік.

Бүкіл әлем Құтқарушының дүниеге келуіне зор қуанышпен шаттанады: періштелер мадақтаулық әнұранын айтады, қойшылар мерекелейді, елшілер Оған бас иіп, сыйлықтарын әкелді, тек ашуға және қызғанушылыққа толы Иродтың жүрегі Құдайдың шындығын қабылдағысы келмейді, қуанбайды – бірақ қалтырайды, Құдайдан қорқаннан емес – тек қорқақтықтан. Ойланып көрейік, біз өзіміздің ісімізбен оған ұқсамаймызба, бірінші орынға өзіміздің ғана амал-саулығымызды және жайлылығымызды қоямыз ба, біреу бізден де озып, дарындырақ, мейірімдірек болуынан сақтанып, оларға жамандық істеуге ұмтылып, оларды шағып, басқалардың ақлдында масқараларын шығарып, іргетастан құлатып, өзімізді жоғары сатыға көтеруге ұмтыламыз ба? Құдай Иенің Өзі мен және Оның киелі өсиеттері емес, тек өзіміздің шындығымызға сенеміз бе? Өзімізге пайдалыны ғана ойлап, басқаларды електіріп Христостың хитонын өршілді істерімізбен бөлшектеп жыртамыз ба? Сенімде бір болған адамдар арасында ұрыс керіс және наразылық тұқымын себеміз бе?

Құдай Нәресте Христосқа қарап, Құдайдың шындығына бетпе-бет қарап, күнәға әуесқойлықты қойып, (Евр. 12, 1), Православиенің бірлігінің нығайуына және махаббатың көбейуіне тіленішімізді Құдайға айтып, *махаббат мейірімділік ететінін, қызғанбайтынын, өзін биікке көтермейтінін, өзіне керегін ғана іздемейтінін, жамандық ойламайтынын, өтірікке қуанбайтынын; барлығын кешіретінін және барлығына сенетінін* (1 Кор. 13, 4-7) есте сақтайық.

Мерекелік Құдайға қызметтіктің мәтінінде тек біздің құтқарылуымыз үшін дүниеге келген Құдай Ие ғана мадақталмайды, сонымен қатар олардың көмегі арқылы Оның денелену мүмкіндік көрсеткендерде мадақталады, оның ішінде – Ең Киелі Қыз Мария, тақуа Иосиф Обручник, киелі әкелер. Осы салтанатты күні өзіміздің жақындарымызды еске алайық: әке-шешемізге, достарымызға барып қайтайық, оларға назарлық аударып, жақсы сөздер айтып, олардың бізге істеген жақсылықтарына алғысымызды айтайық. Біздің Құдайға деген және жақындарымызға деген махаббатқа толы жүрегімізде Бәріненде Мейірімді, Бәріненде Мәңгі және Ақылдан Жоғары, көрінбейтін Әкемен Бірмәністі болған Христос өмір сүрсін (мерекенің кешкілігінің седалені). Аумин.

МӘСКЕУ ЖӘНЕ БҮКІЛ РУСЬ ПАТРИАРХЫ

Христос Рождествосы

2019/2020 ж.

Мәскеу